



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№3 (10510) 15 ҚАҢТАР, БЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЖАҢАӨЗЕНДЕ БІЛІМ ОРДАСЫ БОЙ КӨТЕРДІ



ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА АЛҒАШ РЕТ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ОҚУШЫЛАР ҮЙІ «BOLASHAQ SARAYI» САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АШЫЛДЫ. БҰЛ АЙТУЛЫ ОҚИҒА БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРЫП, ҒЫЛЫМ МЕН СПОРТҚА ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРЕТІН БІРЕГЕЙ ОРТАЛЫҚ БОЛМАҚ.

Салтанатты іс-шараға Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Асхат Хасенов, «Самұрық-Қазына» АҚ стратегия және активтерді басқару жөніндегі тең басқарушы директоры Бахытжан Таубаев, Жаңаөзен қалалық мәслихатының депутаттары, педагогикалық еңбек ардагерлері, атааналар мен қала тұрғындары қатысты.

«Bolashaq Sarayi» – балалардың арманы мен мүмкіндігін тоғыстырған, болашаққа жол ашатын бірегей орталық. Жаңа ғимаратта ғылым мен шығармашылыққа арналған зертханалар, өнер және IT сыныптары, телестудия, түрлі бағыттағы шеберханалар, «Жас құтқарушы» кабинеті, кең акт залы мен балаларға арналған коворкинг аймақтары орналасқан. Орталық



барлық мүмкіндік қарастырылған. Енді оқушылар сабақтан тыс уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізе алады.

жастар өсіп шығады деп сенеміз, – деді өңір басшысы.

Салтанатты іс-шара барысында оқушыларды тасымалдауға арналған жаңа шағын автобустың кілті табысталды. Бұл да балалардың қауіпсіз әрі қолайлы қатынауын қамтамасыз етуге бағытталып отыр.

Сонымен қатар облыс әкімі жетістіктерімен ел назарын аударып жүрген Жаңаөзен жастарын арнайы марапаттады. Робототехника, шығармашылық және спорт салалары бойынша республикалық және халықаралық байқауларда, сондай-ақ облыстық жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен дарынды жастар мен Жаңаөзен қаласының футбол командасының мүшелеріне алғыс хаттар мен марапаттар табысталды.

Жаңа ашылған «Bolashaq Sarayi» – Жаңаөзен жастарының талабын ұштап, арманын асқақтататын, ел болашағына



соңғы үлгідегі жоғары технологиялық құралдармен, компьютерлік техникамен және қажетті инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілген.

Жалпы аумағы 3000 шаршы метрден асатын нысан бір күнде 1500-ге дейін баланы қабылдай алады. Оқушылар сарайының бой көтеруіне «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның еншілес ұйымдары – «Өзенмұнайгаз» АҚ мен «Ak Su KMG» ЖШС демеушілік көрсеткен.

Ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыс әкімі Нұрдаулет Қылыбай бұл жобаның маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Бұл – Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы аясында жүзеге асқан маңызды жоба. Мұнда балалардың жан-жақты дамуына, қабілетін ашуына және сапалы білім алуына



Жобаға қолдау көрсеткен демеушілерге алғысымыз шексіз. Осындай білім ордаларынан ертеңгі күні бәсекеге қабілетті, елдің дамуына үлес қосатын

қызмет ететін рухани әрі зияткерлік орталыққа айналмақ.

«Маңғыстау» ақпарат.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДА ЗЕРДЕЛЕУДІ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ. ЕЛДІҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР САЯСАТЫН ЖҮЙЕЛІ ЖАНҒЫРТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАДАМ АТАЛҒАН САЛАҒА ТЫҢ СЕРПІН ӘКЕЛМЕК.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел аумағын қазіргі заманғы геологиялық барлау әдістерімен кеңінен қамту туралы тапсырмасын орындау аясында биыл Қазақстан жер қойнауын зерттеудің жаңа кезеңіне анағұрлым кең әрі егжей-тегжейлі кіріседі. Бұл бастама геология саласында ұзақ жылдар бойы жинақталған олқылықтардың орнын толтыруға және табиғи байлықты ғылыми негізде бағалауға бағытталған.

Биылдан бастап Қазақстан аумағында геологиялық барлау жұмыстары 1:50 000 масштабта жүргізіледі. Бұл – кеңес кезеңінен қалған 1:200 000 масштабтағы ескі карталармен салыстырғанда әлдеқайда дәл әрі егжей-тегжейлі тәсіл. Мұндай формат жер қойнауының әлеуетін нақты бағалауға, пайдалы қазбаларға бай перспективалы аумақтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Өткен жылы 100 мың шаршы шақырым аумақта 20 жоба әзірленіп, кейіннен жыл сайын 30 мың шаршы шақырым көлемінде ең әлеуетті учаскелер қамтылмақ.

Алдағы үш жылда геологиялық барлау мен инфрақұрылымды дамытуға 240 млрд. теңге (шамамен 500 млн. АҚШ доллары) бөліну жоспарланып отыр. Бұл қаражат геологиялық түсірілімдерге, аз зерттелген аумақтарда сейсмикалық барлау жүргізуге, заманауи зертханалық базаны жаңғыртуға, геологиялық деректерді цифрландыруға бағытталады.

Салыстырмалы түрде айтсақ, соңғы 15 жылда бұл салаға не бары 469 млн. доллар жұмсалған. Демек жаңа кезеңдегі инвестиция көлемі геологиялық барлауға деген мемлекеттік көзқарастың түбегейлі өзгергенін аңғартады.

Жоба аясында жерді қашықтықтан зондтау, аэрогеофизикалық және геохимиялық зерттеулер, далалық жұмыстар кешені жүзеге асады. Учаскелерді таңдауда қорлардың сарқылу деңгейі, жер қойнауын пайдаланушылардың аздығы, стратегиялық маңызы бар пайдалы қазбалардың болуы негізгі өлшем ретінде алынған.

Нәтижесінде мыс, алтын, қорғасын, мырыш, сирек жер элементтері, барит, боксит кен орындарын анықтау әлеуеті жоғары аумақтар белгіленді. Бұл тізім Қазақстанның индустриялық және «жасыл экономика» бағыты үшін аса маңызды.

Жаңа кезең тек қатты пайдалы қазбалармен шектелмейді. Аз зерттелген, бірақ әлеуеті жоғары Солтүстік Торғай, Шу – Сарысу және Сырдария бассейндерінде сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл көмірсутек ресурстарын жаңаша бағалауға жол ашады.

Қазақстан таңдаған бағыт Еуропалық Одақ, Канада, Аустралия, Қытай сияқты елдердің озық геологиялық тәжірибесіне сәйкес келеді. Геологиялық болжамдардың дәлдігін арттыру арқылы инвестициялық тәуекелдерді азайтып, жеке капиталды тартуға жол ашады, жер қойнауын пайдалануда ашықтық пен тиімділікті күшейтеді.

Жер қойнауын геологиялық тұрғыда егжей-тегжейлі зерттеуге көшу – бұл тек ғылымға салынған қаржы емес, ұлттық экономиканың ұзақмерзімді қауіпсіздігіне бағытталған стратегиялық шешім. Дәл карталар мен нақты деректер жаңа кен орындарының ашылуына, өндірістің дамуына және инвестициялық тартымдылықтың артуына берік негіз болмақ.

Өз тілшіміз.

ҚАУІПСІЗ ҚАЛА – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ

АҚТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ПОЛИЦИЯ БАСҚАРМАСЫНДА ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ ЖЕДЕЛ ҚЫЗМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫНА АРНАЛҒАН КЕҢЕЙТІЛГЕН ЖИЫН ӨТТІ. ЖИЫНҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ПОЛИЦИЯ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ САҒЫНДЫҚ АЯҒАНОВ ҚАТЫСЫП, Өңір орталығындағы қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің қазіргі ахуалына жан-жақты талдау жасады.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша Ақтау қаласында қылмыс деңгейі 13,3 пайызға төмендеген. Бұл көрсеткіш полиция қызметінің жүйелі профилактикалық шаралар жүргізуінің және жедел ахуалды тұрақты бақылауда ұстауының нәтижесі екенін аңғартады.

Жиын барысында кәмететке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше назар аударды. Түнгі уақытта заңды өкілсіз жүргені үшін 2 535 ата-анаға қатысты әкімшілік хаттама толтырып, түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жасаған. Сондай-ақ алкоголь өнімдерінің заңсыз айналымына қарсы бағытталған бірлескен іс-шаралар да өз нәтижесін берген. Нәтижесінде 307 сауда нысанының иелері әкімшілік жауапкершілікке тартылып, заңсыз сатылымнан 4 007 дана алкоголь өнімі тәркіленді. Қоғамдық орындарда мас күйінде жүргені үшін 3 962 азаматқа қатысты әкімшілік шара қолданды.

Қоғамдық қауіпсіздікті арттыру мақсатында қала аумағындағы адам көп шоғырланатын орындарға 13 «SOS» жедел шақыру түймесін орнатып, патрульдік полиция қызметінің жұмысы күшейді. Бұдан бөлек, есепті кезеңде өткен 123 спорттық және 89 мерекелік іс-шара кезінде қоғамдық тәртіп сақталды.

Жиын қорытындысында облыстық полиция департаментінің басшысы алдағы уақытта да өңірдегі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу және тұрғындардың құқықтарын қорғау бағытындағы профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Өз тілшіміз.